

Келісілді

ҚК төрағасы

Амангосов А.К. Амангосов

« 29 » 08 2023ж.

Бекітемін

«№49 ЖББОМ» КММ
директоры А.А. Абжанова

« 29 » 08 2023ж.



«№49 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы.

№	Жұмыс түрі	Өткізілетін күні	Жауапты
1	2023-2024 оқу жылына қамқорлық кеңесінің құрылуы Отырыс №1 Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, жұмыс ережесімен таныстыру, жұмыс жоспарын құру Білім сапасы туралы. Мектепке жол акциясы	Қараша	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
2	Ата-аналармен мұғалімдердің арасында білім- тәрбие процессінде материалдық-техникалық базасын нығайту	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қамқоршылық кеңесінің мүшелері
	Отырыс № 2 Қамқоршылық кеңесінің мүшелерін мектепшілік мерекелерге, іс-шараларға қатыстыру.	Наурыз	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері
3	Отырыс № 3 Мектеп алаңын абаттандыруға байланысты жұмыс ұйымдастыру	Сәуір, мамыр	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері
4	Отырыс № 4 Қамқоршылық кеңесімен ата-аналар комитетінің алдағы 2024-2025 оқу жылына перспективтік жоспарын құру Емтихан комиссиясына мүшелік ету, емтихан әділ етуін қадағалау	Мамыр	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Қамқоршылық кеңесінің төрағасы мүшелері
5	2023-2024 оқу жылына қамқоршылық кеңесінің есебі	Қыркүйек 2024ж	Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, мүшелері ата-аналар комитеті

Ақтөбе қаласы №49 ЖББОМ 2023-2024 оқу жылы бойынша Қамқоршылық кеңесінің мектеп әкімшілігімен, ата-аналармен бірлескен отырысының Хаттамасы № 1

06.11.2023 жыл.

Қатысқаны: 17

Күн тәртібінде:

1. Білім сапасы туралы. С.М. Нуримова.
2. Тәрбие жұмысын талдау. А.С. Дарибаева.
3. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы туралы. В. Идиятова.
4. "Мектепке жол акциясы" туралы Г. Ибрашова.

Отырыс барысында күн тәртібіндегі мәселелерді негізге ала отырып Қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.А.Қожайұлы сөз сөйледі:

Қазақстанның білім беру саласындағы алдағы күні болғалы тұрған маңызды өзгерістердің бірі – білім беру ұйымдарын басқару ісіне, соның ішінде, мектеп қаржысының ұтымды да ашық қолданылуын бақылау және толықтыру үрдісін ата-аналар, әлеуметтік серіктестер, демеушілердің басқаруы. Білім беру ұйымдарындағы Қамқоршылық кеңесі – білім беру ұйымын алқалы басқару нысандарының бірі. Қамқоршылық кеңесі дегеніміз - білім беру ұйымына бюджеттен тыс қаржы құйылуын қамтамасыз ететін және оның ұйым мен оқушылар қажеттігіне жұмсалуды ашық түрде жүргізілетін заңнама тұрғысынан сауатты құрылған пәрменді құрылғы. Қамқоршылық кеңесі – тек қолдау мен қаржыландыру ғана емес, ең маңыздысы – азаматтық қоғамның билікпен диалог құру құралы екенін естен шығармаған дұрыс.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі – жөніндегі орынбасары С.М.Нуримова сөйледі:

2-11 класс бойынша 2022-2023 оқу жылындағы І-ші тоқсан 46,77 пайызбен аяқталса, 2023-2024 оқу жылындағы І тоқсанды 49.1 пайызбен аяқтадық. Озат оқушылар саны: 2-4 класс бойынша:73 оқушы, 5-9 класс бойынша: 49 оқушы, 10-11 класс бойынша: 9 оқушы, 2-11 класс 131 оқушы Екпінді оқушылар саны : 2-4 класс бойынша:111 оқушы, 5-9 класс бойынша: 111 оқушы, 10-11 класс бойынша:33 оқушы, 2-11 класс 255 оқушы.

Қорытынды: оқушылар саны мен сынып-комплект санының өсуі байқалады. Кіші буыннан орта буынға көшу кезінде оқушылардың білім сапасы төмендейді, бұл бір деңгейден екінші деңгейге ауысқан кезде оқушылардың бейімделуіндегі мәселелермен байланысты. 5-9 сынып оқушыларының жаратылыстану-математикалық цикл пәндері бойынша төмен мотивация.10-11 сыныптардағы білім деңгейінің төмендігін көрсетеді, мұны оқушылардың 10-сыныпқа нашар оқитын оқушылардың қабылдауымен және бейіндік білім берудегі оқу материалының күрделілігімен түсіндіруге болады.

Вариативтік бөліктің мазмұны оқушылардың танымдық қызығушылықтары мен тәрбиелік қажеттіліктерін ескереді, оқушылардың жеке және топтық ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды қамтиды, өздігінен білім алуға және өзін-өзі жүзеге асыруға жағдай жасайды.

Ұсыныс:

- 50 пайыздан төмен білім сапасын көрсеткен пәндер бойынша сабақ беретін пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек ұйымдастыру;

- сапаны көтерудегі ең өзекті мәселелердің бірі мұғалімдерді даярлау және кәсіби біліктілігін арттыру, білімнің құндылық ретіндегі сипатына терең мән беру, нәтижеге бағытталған білім беруде жаңа жолдар мен әдістер табуға дағдыландыру;

- оқушылардың танымдық іс-әрекетінің ұйымдастыру, оқушыларға алдына мақсат қоя білуге және жетуге, қосымша материалдар табуға, ізденуге, өзін-өзі талдауды, өзін-өзі бағалай білуді меңгеруге талап қоюды пән мұғалімдеріне жүктеу;

- шығармашылық тұлға қалыптастыру үшін оқушының өзін-өзі тануына өзіндік «менін» қалыптастыру, сол «меннен» шығармашылық тұлғаға жетуіне ықпал жасау;

- пән мұғалімдеріне оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру, ынталандыру үшін сабақты түрлендіріп өткізуді жүктеу;

- әр бала бойындағы шығармашылық қабілеттерін анықтап, шығармашылық тұлға ретінде тәрбиелеу мақсатында ата-ана мен сынып жетекшісі тарапынан қолдау көрсету;

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі – жөніндегі орынбасары А.С. Дарихаева сөйледі:

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады.

Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша мектеп кітапханашысы В. Идиятова сөйледі: Кітапхана қорындағы оқулықтар, оқу әдістемелік құралдары, сөздіктер-анықтамалықтар мен энциклопедиялар қазақ және орыс тілдеріне бөлініп, сынып бойынша жинақталған. Мектеп кітапханасының қорында 21335 дана кітап, 21206 дана оқулықтар және 185 дана көркем әдебиет бар. 2021 жылдың тамыз айында 36 дана қазақ тіліндегі көркем әдеби кітап келді. Мектеп оқушылары 100% кітаппен қамтылып отыр. Кітапханада акциялар ұйымдастырылып, қорымыз ұлғайып жатыр. Оқырмандар саны да ұлғайып келеді, қазіргі таңда 540 оқырманымыз бар.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г.Б.Ибрашева сөйледі:

Акция 2024 жылғы 31 тамызға дейін, яғни жаңа оқу жылы басталғанға дейін жалғасады. Науқанға кез келген адам қатыса алады: еріктілер, бизнесмендер, меценаттар, үкіметтік емес ұйымдар және т.б. Қатысушылар мұқтаж отбасылар мен балаларға қолдау көрсете алады немесе керісінше

көмек сұрай алады. «Акция аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қажетті көмек көрсету мақсатында өткізіліп отыр.

Балаларды жаңа оқу жылына дайындауға кез келген адам көмектесе алады. Осылайша әлеуметтік себептермен балалардың мектепке бармауының алдын аламыз. «Мектепке жол – Шекарасыз жақсылық» ұранымен өтіп жатырған акцияға «Халық банк» 10 оқушыға мектеп сөмкасы және оқу құралдарын табыстады. Мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы, жетім 100 оқушысына мемлекеттен қаржылай көмек 1 балаға 40567 тенге жеке шөтттарына аударылды. Мектебіміздің бау-бақшасында егілген қызанақ, қарбыс көкөністері жағдайы төмен отбасыларына таратып берілді.

Жеке кәсіпкер аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан 10 оқушыға мектеп сөмкасын және оқу құралдарың сыйға тартты. Жеке кәсіпкер жетім екі оқушыға күзгі аяқ киімнің және спорттық киімнің алып берді.

Қамқоршылық кеңесінің кеңес мүшелерімен кеңейтілген отырысы аяқтала келе төмендегідей қаулы етеді:

1. Кәсіпкерлерден демеушілер іздеу, есепшотты толықтыру жөнінде кейбір жауапты қызметкерлердің жауапкершілігін сұрау мектеп басшысына тапсырылсын.


2. Мектептің жер учаскесін жылдағыдай тиімді пайдалану жалғасын тапсын.


3. Тәрбие жұмысындағы бекітілген іс-шаралар уақытында орындалсын.

4. Мектептің білім сапасы «қанағаттанарлық» деп танылсын, жіберілген олқылықтармен жұмыс жасауды қадағалау С.М. Нуримоваға бекітілсін.

5. Мектеп кітапханасындағы шаралардың өту деңгейі бір жолға қойылсын.

6. Айтылған ұсыныс, ескертпелер қамқоршылық кеңес отырыстарында орындалуы жөнінде хабарланып отырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  А.А. Қожайұлы.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:  Б.Н. Оразымбетова.

Ақтөбе қаласы №49 ЖББОМ 2023-2024 оқу жылы бойынша Қамқоршылық Кеңесінің мектеп әкімшілігімен бірлескен отырысының

Хаттамасы №2

22.12.2023 жыл.

Отырысты өткізу нысаны: екінші

Күн тәртібінде:

1. Қосымша құрылыстың талапқа сай жүргізілуі туралы.

А.А.Қожайұлы

2. Жергілікті бюджеттен №49ЖББОМ КММ-не 2023 жылы бөлінген қаражат есебі.

А.А.Абжанова

3. «Мектепке жол – Шекарасыз жақсылық» атты акция.

Әлеуметтік педагог Г.Б.Ибрашова

4. Әртүрлі мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрағасы А.А.Қожайұлы сөйледі:

Құрылыс аталған жылдың тамыз айынан басталды. Салынып жатқан объекті, яғни, мектеп төрт қабатты, 250 орындық. Керекті құрылғылар мен техникаларды, топырақ үйінділерін орналастыру жайы талапқа сай көзделген, құрылыс материалдарын, бұйымдары мен жабдықтарын жинап қою орындары нақты белгіленген, құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау үшін пайдаланылатын аумақтары қоршалып, жұмыс қарқынмен жүріп жатыр. Нысанның басталып, толық аяқталғанға дейінгі жауапкершілігі толық сақталған.

Бүгінгі таңдағы мектептің мақсат-міндеті әр оқушының жеке тұлғалық қабілетін дамытушы тәрбиешіге байланысты. Осы негізді басшылыққа алуда мектебіміздің тәрбие жұмысын басқарудың моделіне сүйене отырып, жұмыс жүргіземіз. «Тәрбиелеу үрдісінің субъектілерінің рухани адамгершілік күзіреттілігін белсенді әрекеттер технологиясы негізінде дамыту» өзекті тақырыбынан туындайтын міндеттерді халықтық тәлім-тәрбие мұрасымен, қазақ халқының бағалы педагогикалық ой-пікірлерімен, ұлттық мұрамен ұштастыру арқылы жүзеге асыруда. Ұлттық рухы биік, адамгершілік құндылықтары негізінде ойлау қабілеті жоғары оқушыларды тәрбиелеу мақсатында жыл көлемінде әр түрлі ұйымдармен жұмыс жоспарланып, қалыпты деңгейде өтіп жатыр. Осы жылды қорытындылайтын болсақ қамқоршылық кеңестің жұмысы жақсы жүріп жатыр. Келесі жаңа оқу

жылына мектептің қосымша ғимаратының құрылысы сәтті аяқталып, оқушыларымызды жаңа оқу жылында қуанышпен қарсы алатын болайық.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директоры А.А.Абжанова сөйледі:

Мектепке 2023 жылға "№49 жалпы білім беретін орта мектебі" КММ бойынша жергілікті бюджеттен коммуналныйға 5385.0 берілді. Оның ішінде Казтрансгазге- 2002.2тенге Ақтобеэнергоснаб-1400.3 тенге Ақбулақ-1982.5 тенге. Интернетпен телефон-2000.0. Аз қамтылған отбасыға тамаққа-10835.0. Сыртқы лагерге 20 балаға-1390.0. Ішкі лагерге 30 балаға-636.0.

Республикалық бюджеттен мектепті қаржыландыруға 17450,0 мың қаражат бөлінді. 149 ерекшелігіне -2000,0 қаржы бөлінді, дезинфекциялық құралдар, шаруашылық бұйымдар және құрылыс материалдары алынды және мектеп жарықпен жарықтандырылды. 159 ерекшелігіне 8850.0 тенге бөлінді. Оның ішінде стенд, охранный агентства, дезинфекция, ТБО. ЖБО. парус, 1С программа, Видеонаблюдение, пожарный сигнализация Турникет жасалды.

414 ерекшелігі бойынша 6600,0 тенге бөлінді. құрал-саймандар, оның ішінде Елтанба, проектор, интерактивті тақта, парта, орындықтар. Электор плитасы жабдықталды.

№	Атқарылатын жұмыс	Жұмсалатын қаржы
	149 ерекшелік бойынша	
1	Спорт бұйымдары(шахматы5шт,мяч10шт)	300,0
2	Хозтовары (мусорный пакет. перч рабоч. резинов, белизна, хоз. мыло. ветош)	150,00
3	Шаруашылық бұйымдар(газоно косилка2шт, лопата5шт, ведро железн. собок5шт, кусторез1шт, кран для унитаза10шт, и тд)	150,00
4	Канцтовары(бумага100шт, мел)	300,0
5	Строй материалы(водоэмульсия150л, краска20л.)	100,0
6	Электр товары(лампа светодиодная)200шт	1000,00
		2000,0
	159 ерекшелік бойынша	
1	Услуги охрана	4560.0
2	Установка турникеты	658.2
3	парус	927.5
4	1с программа	650.0
5	ЖБО	499.0
6	Видеонаблюдение	80.0
7	пожарный	88.0

8	Заправка огнетушитель	52.0
9	Аудит СэС	120.0
10	Таза қала	143.4
11	Дезинфекция	39.0
12	картридж	159.0
13	стенд	207.0
14	семинар	65.0
15	сайт	70.0
16	медосмотр	200.0
17	счетчик	140.0
18	Подготовка школу	191.9
		8850
	414 ерекшелік бойынша	
1	Парта 30шт	947.0
2	Стулья для библи20шт	552.0
3	Интерактивный доска 2шт	3012.0
4	Принтеры 5шт	328.0
5	проекторы	256.0
6	Мобильная стойка	260.0
7	Электрическая плита	476.0
8	газонокосилка	74.0
9	флаг	22.0
10	винтовка	178,0
11	Утюг шуруп	27,0
12	Мембранный бак	130,0
13	Форма для НВП	227,0
14	насос	23,0
15	дрель	15,0
16	Держатель 18 шт	73,0
	итого	6600
	Всего	17450

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Г.Б.Ибрашова сөйледі:


Акция 2024 жылғы 31 тамызға дейін, яғни жаңа оқу жылы басталғанға дейін жалғасты. Науқанға кез келген адам қатыса алады: еріктілер, бизнесмендер, меценаттар, үкіметтік емес ұйымдар және т.б. Қатысушылар мұқтаж отбасылар мен балаларға қолдау көрсете алады, немесе, керісінше көмек сұрай алады. «Акция аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан мектеп оқушыларына, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қажетті көмек көрсету мақсатында өткізіліп отыр.


Балаларды жаңа оқу жылына дайындауға кез келген адам көмектесе алады. Осылайша әлеуметтік себептермен балалардың мектепке бармауының алдын аламыз. «Мектепке жол – Шекарасыз жақсылық» ұранымен өтіп жатырған акцияға «Халық банкі» 10 оқушыға мектеп сөмкесі және оқу құралдарын табыстады. Мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы, жетім 100 оқушысына мемлекеттен қаржылай көмек 1 балаға 40567 тенге жеке шоттарына аударылды. Мектебіміздің бау-бақшасында егілген қызанақ, қарбыз көкөністер жағдайы төмен отбасыларына таратылып берілді. Жеке кәсіпкер аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан 10 оқушыға мектеп сөмкесін және оқу құралдарын сыйға тартты. Жеке кәсіпкер жетім екі оқушыға күзгі аяқ киімін және спорттық киімін алып берді.

Жиналыс барысында тағыда басқа сұрақтарға жауап алынды.

Қамқоршылық кеңесінің кеңес мүшелерімен және мектеп әкімшілігімен кеңейтілген отырысы аяқтала келе төмендегідей қаулы етеді:

1. Қосымша құрылыстың талапқа сай, қауіпсіз орындалуы басшылар тарапынан қадағаланып отырылсын.
2. Мектеп директорының есебі есепке алынсын.
3. Кәсіпкерлерден демеушілерді іздеу және олармен тығыз байланыста болу жалғасын тапсын.
4. Айтылған ұсыныс ескертпелердің орындалуы қамқоршылық кеңес отырыстарында хабарланып, есепке алынсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:  А.А. Қожайұлы.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:  Б.Н. Оразымбетова.